

# «Үздік білім беру бағдарламасы» республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері

## 1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының ұстаздары арасында қашықтықтан өткізілетін «Үздік білім беру бағдарламасы» республикалық интернет-байқаудың (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

**Мақсаты:** білім алушылардың сабақтан тыс қызметін ұйымдастырудағы педагогтердің инновациялық және эксперименттік қызметтерін дамыту және қолдау.

**Міндеттері:**

педагогтердің кәсіби шеберліктерін көтеруге жағдай жасау;  
педагогтердің кәсіби біліктілігі мен әдістемелік сауаттылығын дамыту;  
педагогикалық тәжірибенің ақпараттық-әдістемелік базасын толықтыру,  
озық педагогикалық тәжірибенің идеяларын өңірлік, республикалық деңгейде тарату.

2. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

3. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

## 2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

4. Байқау жұмыстары электронды түрде **2017 жылғы 9 наурыздан 27 сәуірге дейін** [rumcdo.programma@mail.ru](mailto:rumcdo.programma@mail.ru) электронды поштасына қабылданады.

**2016 жылғы 27 ақпаннан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2017 жылғы 15 мамырда** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

5. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

6. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **3000 (үш мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»  
РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Үздік білім беру бағдарламасы» байқауы.  
Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

7. Байқауға қатысу үшін [rumcdo.programma@mail.ru](mailto:rumcdo.programma@mail.ru) электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

### 3. Байқау талаптары

8. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының ұстаздары қатысады.

9. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

- 1) «Музыкалық қосымша білім бойынша үздік білім беру бағдарламасы»;
- 2) «Көркемөнер бағытында қосымша білім беру үздік бағдарламасы»;
- 3) «Көркем-эстетикалық бағытындағы қосымша білім беру үздік бағдарламасы (дизайн, сәулет, сәндік-қолданбалы қолөнері, би өнері, театр өнері, эстрадалық-цирк өнері, кино, фото өнері және т.б.)»;
- 4) «Әлеуметтік-педагогикалық бағытта сабақтан тыс қызметтің үздік бағдарламасы (ерте дамыту мектебі, оқушылар үшін жастар клубы, жасөспірімдер үшін жас кәсіпкерлер мектебі, мүмкіндігі шектеулі балалар клубы, балалар, жасөспірімдер мен жастар бірлестігі)»;
- 5) «Әскери-патриоттық бағытта сабақтан тыс қызметтің ең үздік бағдарламасы («Жас десант», «Жас теңізші», «Жас барлаушы», «Жас шекарашы», «Жас құтқарушы», «Жас парашютист» және «Жас ғарышкер», «Соғыс және еңбек даңқы» мұражайы және басқалары)»;

Ресімдеуге қойылатын талаптар. Жұмыс Word мәтіндік редакторінде орындалуы тиіс. Қаріпі – Times New Roman. Қаріп өлшемі – 14. Жоларалық интервал – бірыңғай. Жұмыс көлемі А-4 пішіміндегі 5-10 беттен аспауы тиіс.

10. Жұмысты бағалау өлшемдері:

- мазмұнының өзектілігі;
- байқау тақырыбы; мақсаты мен номинациясы бойынша сәйкестігі;
- педагогикалық мақсаттылығы мен өзектілігі;

тұтастығы (мақсат пен міндеттердің нақтылығы мен айқындылығы; мақсат пен міндеттің күтілетін нәтижемен өзара байланысы; оқыту нысаны және әдістері; әдістемелердің білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі);

әдістемелік пысықтау (қолданылатын әдіс, технологиялардың негізділігі; техникалық және дидактикалық жабдықтармен жабдықталуы-жабдықтардың тізбесі, оқыту құралдары, әдебиеттер тізімі);

дербестік және шығармашылық көзқарас;

инновациялылық (автор ұсынылған материалдардың жаңашылдығы мен артықшылықтары);

дәстүрлі емес сабақтан тыс қызметін ұйымдастыру нысандарын пайдалану;

нәтижелілігі (күтілетін нәтижелердің болуы, бағалау критерийлері мен тексеру әдісі, білім беру нәтижелерін анықтау тетігі);

оқу-әдістемелік кешенімен қамтамасыз ету;

жұмыстың безендірілу мәдениеті.

**Білім беру бағдарламасы оқытудың мақсатын, оқыту нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, пән бойынша оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін анықтауы тиіс.**

Байқауға жеке және ұжымдық жұмыстар қабылданады.

11. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

12. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

облысы, аудан (қала), ауылы;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау және номинациясының аталуы;

автордың аты-жөні;

қатысушының жасы;

e-mail, байланыс құралдары;

жеткешісінің аты-жөні.

13. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

## **2. Байқауды қорытындылау**

14. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 306 «Үздік білім беру бағдарламасы»).

Дипломдарды, сертификаттарды жүктеп алудың нұсқасы: [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Бастапқы бет → Республикалық іс-шаралар → «Үздік білім беру бағдарламасы» байқауы → әрі қарай).